

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 681 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### *РҚАО-ның ескертпесі.*

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығын қараңыз./

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 5-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*  
Қ а з а қ с т а н  
Ү к і м е т і н і ң

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
*К.Мәсімов.*  
Р е с п у б л и к а с ы

**Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 5-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тракторларды, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) мемлекеттік тіркеудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

2) жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар – қаршаналар, к в а д р о ц и к л д е р ;

3) иеленуші – өзіне тиесілі меншік құқығы негізінде немесе заңнамада белгіленген өзге де негіздерге орай, ағымдағы уақыт кезеңінде машинаны іс жүзінде иеленуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) меншік иесі – заңнамаға сәйкес өзіне тиесілі машинаны өз қалауы бойынша иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

5) машиналарды мемлекеттік тіркеу – тіркеу пункттерінің машиналарды тіркеу, машиналардың жол қозғалысына қатысуға жіберілгенін растайтын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін және тіркеу құжаттарын беру жөніндегі қызметі (бұдан әрі – машиналарды тіркеу);

6) машиналарды тіркеу кітабы – осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес машина, меншік иесі, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (бұдан әрі – нөмірлік белгі), тіркеуге (қайта тіркеуге) енгізілген өзгерістер, машиналарды тіркеуден шығару туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

7) нөмірлік агрегат – зауыттық тіркеу нөмірі бар машинаның негізгі құраушы торабы (қозғалтқыш, шасси, рама);

8) тіркеу құжаты – осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес машинаның жол қозғалысына қатысуға және пайдалануға жіберілгенін растайтын, машинаға арналған ресми құжат болып табылатын техникалық паспорт;

9) машиналарды тіркеудегі (қайта тіркеудегі) өзгеріс – тиісті құқықтық негіздер болған кезде машинаның тіркеу деректеріне және тіркеу құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10) сәйкестік сертификаты – өнімнің, қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін тіркеу пункттері ретінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың; ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) құрылымдық бөлімшелері түсініледі.

Тіркеу пункттері машиналарды тіркеуді, уақытша тіркеуді, тіркеуге (қайта тіркеуге) өзгерістер енгізуді, есептен шығаруды, сондай-ақ осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Меншік иелері немесе өзге де тұлғалар машиналар өздерінің меншігіне (иелігіне) түскен, өздерінің меншігінен (иелігінен) шығарылған немесе машиналарды тіркеу, тіркеуге (қайта тіркеуге) өзгеріс енгізу немесе тіркеуден шығару қажеттілігіне әкеп соқтыратын міндеттемелер туындаған сәттен бастап бір ай ішінде машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) немесе тіркеуден шығару үшін осы Қағидаларда белгіленген іс-әрекеттерді жасайды.

5. Тіркеу ісін жүргізу пункттері беретін тіркеу құжаттарын ресімдеу

мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

6. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген, басқа тілде жазылған құжаттар тіркеу әрекеттерін жүргізу үшін мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған және бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын нотариустың не аударманың дұрыстығын куәландыру жөніндегі іс-әрекеттер жасауға құқығы бар басқа лауазымды тұлғаның қолымен расталған күйінде ұсынылады.

7. Тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге өшіріп тазаланған немесе үстінен жазылған, сызылған сөздері немесе өзге де келісілмеген түзетулері бар, сондай-ақ, қарындашпен жазылған осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттар қабылданбайды. Көрсетілген құжаттардың мәтіні анық және нақты жазылады. Азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты олардың тұрғылықты жерін көрсете отырып, толық ұсынылады, ал заңды тұлғалардың атаулары қысқартылмай және мекенжайларын нақты көрсете отырып ұсынылады, ал олардың мөр және мөртабан бедерлері оқылатындай болуы тиіс.

8. Тіркеуге (қайта тіркеуге) ұсынылған машиналардың құжаттары:

1) олардың толтырылған уақытын;

2) олардың толтырылған орнын;

3) машина туралы мәліметтерді (маркасы, моделі, жасаушы зауыт, шығарылған жылы, машинаның және қозғалтқыштың зауыттық нөмірі);

4) өкілеттілігі мөрмен расталатын уәкілетті адамдардың қолын қамтиды.

9. Қазақстан Республикасына әкелінетін, шетел тауары болып табылатын машиналар міндетті кедендік ресімдеуден өткеннен кейін тіркеледі.

Қазақстан Республикасына әкелінетін, Кеден одағының тауары болып табылатын машиналар міндетті кедендік ресімдеуден өтпестен тіркеледі.

## **2. Машиналарды тіркеу тәртібі**

10. Машиналарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш беруші) тіркеу пункттеріне мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаларға сәйкес өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің жеке басын және тұрғылықты жерін куәландыратын құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы;

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған құрылтай құжаттарының, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмелері;

Ескертпе: \* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа

енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) машинаны мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге немесе тіркеу құжатының телнұсқасына алым төленгені туралы құжат;

5) мынадай жағдайларды қоспағанда, машина: кәдеге жаратылса (жарамсыз болса, есептен шығарылса);

машиналарды тіркеу пунктіне байқауға алып келуге кедергі болатын объективті жағдайлар болса (бұзылып қалу, габариті және (немесе) техникалық сипаттамасы мүмкіндік бермесе), машинаның тұрған жері бойынша инженер-инспектор жасаған машиналарды техникалық байқау актісін ұсынуға рұқсат етіледі, бұл ретте мұндай актінің жарамдылық мерзімі күнтізбелік 30 күнді құрайды;

6) шарттың (сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, қарызға беру) түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, соттың шешімі немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жасалған меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар;

7) машинаның тіркеу құжаты және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;

8) жаңа және қолдан құрастырылған немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға берілген Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе оның қауіпсіздік техникасының белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжат;

9) кедендік жүк декларациясы (машинаны шетелден сатып алған жағдайда), кедендік құжаттардың көшірмелерін осы тармақтың 10) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда, оларды берген кеден органы ғана куәландырады;

10) Кеден одағының тауары болып табылатын машиналар үшін тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің түпнұсқасы немесе оның заңнамада белгіленген тәртіппен расталған көшірмесі;

11) жеке тұлғалар үшін – көлік құралдарына салық төленгенін растайтын құжат немесе көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат.

Меншік иесінің немесе иеленушінің атынан тіркеу іс-әрекеттерін олардың өкілдері жүзеге асырған жағдайларда, тіркеу пунктіне осы тармақта белгіленген құжаттармен бірге меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіруге өкілеттілігін куәландыратын құжаттар ұсынылады.

Егер мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болған машина ұсынылса, онда тіркеу пунктіне осы тармақта белгіленген құжаттармен бірге бұрынғы тіркеу құжаттары ұсынылады, алайда

аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тартуға негіз  
болып табылмайды.

Меншік иелері болып табылмайтын тұлғаларға машиналарды мемлекеттік тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-әрекетін жүзеге асыру үшін тіркеу іс-әрекетінің бастамашылары жеке және заңды тұлғаларға белгіленген құжаттардан басқа тіркеу пунктіне шарттардың (жалға беру, қосалқы жалдау, лизинг, сублизинг, кепілге беру және басқалар) және машинаны қабылдау-беру актісінің нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе машинаға иелену құқығын растайтын өзге де құжатты ұсынады. Сондай-ақ тіркеу іс-әрекетінің бастамашылары тиісті тіркеу іс-әрекетін жасауға меншік иесі (жеке тұлғалар үшін) немесе мөрмен расталған (заңды тұлғалар үшін) заңды тұлғаның бірінші орынбасары қол қойған машина иесінің жазбаша келісімін ұсынады.

Егер тіркеу іс-әрекеттеріне ұшырайтын машина жалпы меншік иелігінде болған жағдайда, тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және құжаттар барлық меншік иелерінің атынан беріледі.

Жеке тұлғаларды жалпы меншіктен ажыратуға негіз болып нотариалды куәландырылған мәміле саналады.

Егер меншік иелері 14 жасқа толмаған кәмелеттік жасқа жетпеген азаматтар болса, олардың атынан тіркеу әрекеттерін ата-аналары (бала асырап алушылар) немесе туу туралы куәлікті ұсына отырып, қорғаншы және қамқоршы органдар жасайды.

Меншік иелері 14-18 жастағы тұлғалар болған жағдайда тіркеу іс-әрекеттерін ата-аналарының (бала асырап алушылардың) немесе туу туралы куәлікті ұсына отырып, қорғаншы және қамқоршы органдардың жазбаша келісімімен осы тұлғалар жасайды.

Жеке және заңды тұлғалардың аукциондардан және сауда биржаларынан сатып алған машиналарын тіркеу, тіркеу пункттеріне уәкілетті адамның қолы және мөрімен расталған аукционның хаттамасын және сатып алу келісім шартын ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.07.2013 № 732 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

11. Машиналарды тіркеген (уақытша тіркеген), тіркеуге өзгерістер енгізген (қайта тіркеген), есептен шығарған кезде қажетті құжаттар тіркеу пунктіне ұсынылады, онда осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан тексеріс жүзеге асырылады және кіріс құжаттарын есепке алу кітабына тиісті жазбалар енгізіледі.

Тіркеу іс-әрекеттері өтініш беруші қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген кезде өтініш берушіден құжаттар қабылдаудан бас тартылады. Өтініш берушінің талабы бойынша оған құжаттарды қабылдаудан бас тартуды дәлелді жазбаша р а с т а у б е р і л е д і .

Құжаттарды қабылдау аяқталған соң өтініш берушіге қажетті құжаттарды қабылдау туралы белгісі бар өтініш көшірмесі беріледі.

12. Машинаны тіркеу кезінде инженер-инспектор оларға байқау жүргізеді.

Байқау процесінде зауыттық нөмірлердің, нөмірлік агрегаттардың және нөмірлік белгілердің машинаға арналған құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін салыстырып тексеру жүзеге асырылады.

13. Тіркеу пунктінің инженер-инспекторы техникалық жарамды машиналарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттарына сәйкес жасалған тиісті түрдегі техникалық паспорттар мен нөмірлік белгілер береді. Бір машинаға бір нөмірлік белгі беріледі.

Тіркеу құжаттарын және машиналардың нөмірлік белгілерін жұмсау сериялары мен олардың сандық нөмірлерінің өсу тәртібімен машиналарды тіркеу к і т а б ы н д а жү р г і з і л е д і .

Келіп түскен және берілген нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың саны осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу журналында көрсетіледі.

Машиналарды тіркеу кітабы, нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу журналы, сондай-ақ тіркеу құжаттарының бланкілері және нөмірлік белгілер қатаң есептегі құжаттар р е т і н д е с а қ т а л а д ы .

Толтыру кезінде бүлінген тіркеу құжаттарының бланкілері және одан әрі пайдалануға жарамсыз нөмірлік белгілер оларды қайта пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын құралдар мен тәсілдер арқылы кәдеге жаратылады, ол туралы т и і с т і а к т і л е р ж а с а л а д ы .

Тіркеу пункттерін тіркеу құжаттарымен және нөмірлік белгілермен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

14. Тіркеу пункттері беретін тіркеу құжаттары машиналарды тіркеу кітабына тиісті жазба енгізе отырып, тиісті тіркеу пункті инженер-инспекторының қолымен және мөрімен куәландырылады. Өтініш берушінің тіркеу құжатын, сондай-ақ нөмірлік белгіні алу фактісі машиналарды тіркеу кітабына өтініш берушінің қолымен куәландырылады.



15. Жасалған тіркеу іс-әрекеттері немесе тіркеу іс-әрекеттерін жасаудан бас тарту негізсіз деп есептеген өтініш берушілер жоғары тұрған органдарға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

16. Кепілге берілген немесе өзге де ауыртпалық салынған машиналарға қатысты кепіл ұстаушының немесе пайдасына тиісті ауыртпалық түрі ұсынылған өзге де тұлғаның мұндай тіркеу іс-әрекеттерін жасауға жазбаша рұқсатын алмай тіркеу пунктiнiң тіркеу іс-әрекеттерін жасауына жол берілмейді.

17. Тіркелген машиналарға жасалған тіркеу іс-әрекеттері және меншік иелері туралы анықтамалар мен басқа жазбаша ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың;

2) машиналар иелерінің жазбаша сұрау салуы негізінде беріледі.

18. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың машиналарын тіркеу жалпы негізде жүргізіледі.

19. Қандай да бір себептермен агрегаттардың (қозғалтқышта, шанақта, шассиде, рамада) нөмірі жоқ машиналарға тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу инженер-инспектор осы агрегаттарға пуансонмен биіктігі бес-жеті миллиметр және ені үш-төрт миллиметр жеті таңбалы белгі салғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Бірінші белгі - өңірдің кодын көрсететін әріп, келесі екі сан – тіркеу пунктiнiң нөмірі, қалған сандар - операцияның реттік нөмірі. Бұл туралы белгі машиналар агрегаттарына берілген нөмірлерді есепке алу журналына және тіркеу құжаттарына енгізіледі. Әр агрегатқа өсу тәртібімен жеке нөмір беріледі және ол осы өңірде қайталанбайды.

20. Жасаушы-кәсіпорыннан, машина жөндеу зауыттарынан, кедендік бақылау органдары мен сауда ұйымдарынан тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ тұрғылықты жері немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуші органда тіркеуден шығарылған машиналарға тиісті жасаушы-кәсіпорыны, машина жөндеу зауыты, кеден органдары, сауда ұйымдары бір рет пайдалану үшін «Транзит» нөмірлік белгісін береді.

21. Машиналарды тіркеу кезінде «Транзит» нөмірлік белгісі алынады және тіркеу үшін негіз болған құжаттарға тігіледі, ал оны жоғалтқан жағдайда жағдайларға түсініктеме берілген, жоғалған жері мен уақыты көрсетілген құжат ұсынылады.

22. Тіркеу құжаттары және (немесе) нөмірлік белгілер жоғалған, бүлінген, қолданыстағы стандарттарға сәйкес келмеген және қолдану уақыты аяқталған жағдайларда тіркеу пунктi осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидаларда



көзделген тәртіппен тіркеу құжаттарының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгіні береді.

23. Машиналардың тіркеу құжаттары және нөмірлік белгілері жоғалған кезде тіркеу пункті машинаның бұрын тіркелген орнына сұрау жолдайды. Машиналарды тіркеу кітабынан үзінді көшірме сұрау салу алынған күнінен бастап 5 күн ішінде сұраушы тарапқа ұсынылады. Ағымдағы тіркеу бойынша ұқсас жағдайлар болған кезде меншік иесінің түсініктемесі сұралады және тиісті жазбалар енгізіліп отырған машиналарды тіркеу кітабымен салыстырып тексеру жүргізіледі.

24. Тіркеу пунктіне келіп түскен табылған, олардың орнына телнұсқа және жаңа нөмірлік белгілер берілген құжаттар, нөмірлік белгілер жарамсыз деп саналады және оларды қайта пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын құралдар мен тәсілдер арқылы кәдеге жаратылады, ол туралы тиісті актілер жасалады.

25. Тіркеу пункттері машиналарды тіркеуден (қайта тіркеуден) және тіркеуден шығарудан басқа мынадай іс-әрекеттер жасайды:

1) тіркеген кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес техникалық байқау актісін беру;

2) машинаны мемлекеттік (уақытша) тіркеудің бар немесе жоқ екені туралы анықтамалар беру;

3) тіркеу пункттерінде тіркелген машиналардың босаған нөмірлік агрегаттарына құжаттар беру;

4) машиналардың нөмірсіз агрегаттарына (қозғалтқыш, шасси, рама) пуансонмен нөмір салу.

26. Машинаны меншік иесі (пайдаланушысы) болып табылмайтын тұлғалар пайдаланған жағдайда тіркеу құжаттарындағы «ерекше белгілер» деген бағанда машинаның иесі және машинаның пайдалануда болуының негіздемесі (лизинг, жалға беру, мүліктік жалдау шарты, өзге де құжат) көрсетіледі.

27. Заңды тұлғаның жарғысы негізінде машиналар өткізуді жүзеге асыратын машина жасаушы зауыттардың, сауда немесе басқа ұйымдардың өткізуге арналған және олардың жеке шаруашылық мақсаттарына пайдаланбаған машиналары мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

28. Машиналар жеке тұлғаларға тұрақты тұратын жері немесе уақытша тұру мерзіміне уақытша болу орны бойынша (тұрақты тіркелуі болмаған жағдайда) тіркеледі, заңды тұлғаларға – олардың заңды мекенжайы бойынша, заңды тұлғалардың филиалдарына – мөрмен расталған, заңды тұлғаның жазбаша рұқсатымен филиалдардың орналасу орны бойынша тіркеледі.

29. Машиналарды мемлекеттік тіркеуді жалға беру, лизинг, ипотека, қарыз шарттарына сәйкес олар сенімгерлік басқаруға, шаруашылық жүргізуге берілген тұлғалар жүргізген жағдайда оларға қатысты тіркеу іс-әрекеттері осы

келісімдерге қатысушының (қатысушылардың) жазбаша келісімімен жүргізіледі.

30. Тіркеу пункттерінің қызметкерлері тіркеу іс-әрекеттерін жүргізген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жеке тұлғалардың жеке басын б е л г і л е й д і .

Жеке тұлға өкілінің өкілеттігі нотариалды куәландырылған сенімхатпен, заңды тұлға өкілінің өкілеттігі – басшының қолымен және заңды тұлға мөрімен куәландырылған сенімхатпен расталады. 14-18 жастағы азаматтардың жеке басын куәландыру олардың ата-аналарының (асырап алушыларының), қорғаншылардың (қамқоршылардың) немесе қорғаншылық және қамқорлық органдары өкілінің қатысуымен кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаның туу туралы куәлігін ұсыну кезінде жүргізіледі.

31. Тіркеу орындары жасайтын тіркеу іс-әрекеттері машиналарды тіркеу орындары бойынша жүргізіледі. Көрсетілген іс-әрекеттерді басқа жерде жүргізу туралы шешім машиналарды тіркеу орны (машина тіркелген орын) бойынша тіркеу пункттері мен тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу жобаланған (өтініш беруші өтінген) орын бойынша тіркеу пункті арасындағы келісім бойынша қабылданады .

Өтініш берушінің құжаттары тіркеу іс-қимылдарын жүргізу жобаланған орын бойынша тіркеу пунктінен поштамен машиналарды тіркеу орнына жөнелтіледі.

Машиналарды тіркеу орны бойынша тіркеу пунктінің өтініш берушінің өтінішін қанағаттандыруға жазбаша түрдегі келісімі немесе одан бас тартуы тіркеу іс-қимылдарын жүргізу жобаланған орын бойынша тіркеу пунктіне пошта б о й ы н ш а ж о л д а н а д ы .

Өтініш берушінің өтініші қанағаттандырылған жағдайда машиналарды тіркеу орны бойынша тіркеу пунктінде машиналарды тіркеу кітабында тіркеу іс-әрекеттерін жасау туралы тиісті жазбалар енгізеді.

Машиналарды тіркеу орны бойынша тіркеу пунктінен келісім алынғаннан кейін тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу жобаланған орын бойынша тіркеу пунктінде өтініш берушінің машинасымен қажетті тіркеу іс-әрекеттері жүргізіледі.

32. Машиналарды мемлекеттік тіркеу немесе өзге де тіркеу іс-әрекеттері меншік иесі болып табылмайтын тұлғалар үшін жүргізілген жағдайда машина тіркелген тұлғаның иелігінен шығуы не көрсетілген тұлғаның машинаны одан әрі иелену құқығынан айырылуы меншік иесінің бастамасы бойынша тиісті тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу және кейіннен машинаны меншік иесінің атына тіркеу үшін негіз болып табылады .

33. Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен немесе республиканың шегінен тыс жерлерден екі айдан артық мерзімге әкелінген, сондай-ақ жалға беру , лизинг, ипотека, қарыз шарттарына сәйкес сенімгерлікпен басқаруға, шаруашылық жүргізуге берілген машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру

үшін өтініш беруші тіркеу пунктіне:

- 1) осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаға сәйкес өтініш;
- 2) жеке тұлға үшін жеке басын және тұрғылықты жерін куәландыратын құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесін, заңды тұлға үшін құрылтай құжаттарының, машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің мөрмен расталған көшірмелерін;
- 3) техникалық паспорттың түпнұсқасын;
- 4) машинаны;

5) жалға беру, қосалқы жалға беру, лизинг, сублизинг, сенімгерлікпен басқару, шаруашылық жүргізу, ипотека, қарыз шартының немесе машиналарды иелену құқығын, ал уақытша әкелінген машиналар үшін машиналарды учаскеде немесе аумақта уақытша тіркеуге қоюға меншік иесінің (иеленушінің) келісімін растайтын өзге құжаттың түпнұсқасы мен нотариалды расталған көшірмесін;

б) машинаны республиканың шегінен тыс жерлерден әкелген жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынады.

Машиналарды уақытша тіркеудің қолданылу мерзімі Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттардың қолданылу мерзімдеріне сәйкес белгіленеді.

34. Машиналарды уақытша тіркеу кезінде:

1) инженер-инспектор машиналарды байқауды жүргізеді. Байқау үдерісінде зауыттық нөмірлерінің, нөмірлік агрегаттар мен нөмірлік белгілерінің машинаға арналған құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін салыстырып тексеру жүзеге асырылады;

2) инженер-инспектордың қолымен және мөрімен расталған машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама беріледі.

Өтініш берушінің анықтама алу фактісі машиналарды тіркеу кітабында өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

### **3. Машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу)**

35. Машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу):

- 1) меншік құқығы өзгерген;
- 2) машиналардың ортақ меншік құқығы пайда болған, тоқтатылған және ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген;
- 3) тұлғаның тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) машинаны тіркеген тіркеу пунктінің қызмет көрсету аумағының шегінде өзгерген;
- 4) машина тіркелген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (атауы) өзгерген;
- 5) машинаны қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнаулы жабдық орнату және осыған ұқсас өзге де өзгертулер салдарларынан

оның үлгісі өзгерген жағдайда жүргізіледі.

36. Машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізуді (қайта тіркеуді) жүзеге асыру үшін өтініш беруші тіркеу пунктіне:

1) меншік құқығы өзгерген жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және меншік құқығы өзгеруінің құжатын;

2) машиналардың ортақ меншік құқығы пайда болған, тоқтатылған және ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген және машина тіркелген меншік иесінің тұрғылықты жері өзгерген жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және машиналардың ортақ меншік құқығының пайда болу, тоқтатылу және ортақ меншік иелері құрамының өзгеру және меншік иесінің тұрғылықты жерінің өзгеру құжатын;

3) машина тіркелген меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы өзгерген жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы өзгертуді растайтын құжаттарды;

4) машинаны қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарларынан оның үлгісі өзгерген жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және қайта жабдықтаудан кейін тіркеу пунктінде жасалған машинаны техникалық байқаудан өткізу актісін ұсынады.

37. Машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу) кезінде инженер-инспектор тіркеу құжатына және машиналарды тіркеу кітабына тиісті жазбалар жазады. Тіркеу құжатындағы өзгерістер инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

38. Тораптар нөмірлері мен нөмірлік агрегаттарында тіркеу құжаттарымен айырмашылықтары бар машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу) тіркеу пункті қабылдаған шешімнің немесе сот шешімінің негізінде жүргізіледі. Бұл жағдайда машинаның тіркеу құжатының «Ерекше белгілер» деген бөліміне инженер-инспектор көрсетілген шешімнің деректемелерін енгізеді, оның расталған көшірмесі тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу негіздемесіне тігіледі. Жеке немесе заңды тұлғалар шешімдерді жоғалтқан кезде олардың көшірмелері ұсынылады.

#### **4. Машиналарды тіркеуден шығару**

39. Машиналарды тіркеуден шығару:

1) егер оған машина тіркелген тұлғаның жаңа тұрғылықты жері (заңды

мекенжайы) машинаны тіркеген тіркеу пунктінің қызмет көрсету аумағынан тыс орналасса, оның тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген;  
2) машинаға меншік құқығы тоқтаған;  
3) машинаны кәдеге жаратқан (жарамсыз еткен, есептен шығарған);  
4) машинаны Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге әкеткен жағдайда жүргізіледі.

40. Жеке және заңды тұлғалар машиналарды тіркеуден шығару үшін (кәдеге жаратудан, жарамсыз етуден, есептен шығарудан басқа, қызмет көрсету аумағынан тыс жерге машинаның орнын ауыстыру, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы іс-әрекеттер жағдайында) тіркеу пунктіне осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3) 5), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

41. Кәдеге жаратуға (жарамсыз етуге, есептен шығаруға) жататын машиналар :

1) жеке тұлғалар осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты, тіркеу құжатын, нөмірлік белгісін;

2) заңды тұлғалар осы Қағидалардың 10-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжатты, тіркеу құжатын, нөмірлік белгісін, есептен шығару актісін ұсынған кезде тіркеуден шығарылады. Кәдеге жаратылатын машиналарға тіркеу құжаттары немесе нөмірлік белгілері болмаған кезде өтініштерде оларды жоғалту жағдайлары, орны мен уақыты көрсетіледі.

42. Машиналарды тіркеуден шығарған кезде инженер-инспектор тіркеу құжатына және машиналарды тіркеу кітабына тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеуден шығару жағдайлары көрсетілген тіркеу құжатындағы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

43. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеулер салынған машиналар тіркеуден шығарылмайды.

Машиналарды тіркеуден шығару салынған шектеулер туралы куәландыратын құжаттарды ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

44. Сот немесе заңнамада айқындалған өзге де органдар шешімі негізінде мемлекет меншігіне берілетін машиналарды тіркеуден шығарған жағдайларда сот орындаушыларына, өзге де органдардың лауазымды тұлғаларына осы Қағидаларда машина иелерінің өкілдері үшін көзделген талаптар қолданылады.

45. Нөмірлік агрегаттарының нөмірленуі тіркеу құжаттарымен сәйкес келмеген машиналарды тіркеуден шығару тіркеу пункттері қабылдаған шешімдер (қорытындылар) негізінде жүргізіледі.

46. Егер машиналар ортақ меншікте болса, тіркеуден шығару барлық меншік иелерінің жазбаша келісімі немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жүргізіледі.

47. Осы Қағидалардың 32-тармағында көзделген иеленушілердің іс-әрекеттері жағдайларында машиналар тіркеуден шығарылмайды.

48. Машиналарды тіркеу, тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу), тіркеуден шығару, нөмірлік белгілерді, тіркеу құжаттарын беру немесе ауыстыру үшін негіз болған құжаттар машиналарды тіркеу кітаптарындағы жазбаға сәйкес келетін кезектілікпен жеке істерге тігіледі және үш жыл бойы сақталады.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына

1-қосымша

Машиналарды  
К И Т А Б Ы  
К Н И Г А

тіркеу

регистрации машин

Р/с № № п/п	Машиналардың түрі мен маркасы Тип и марка машин	Шығарылған (жасалған) жылы Год выпуска (изготовления)	Машиналар туралы деректер Данные о машинах		
			Қозғалтқыш Двигатель №	№	Зауыттық Заводской №
1	2	3	4	5	

кестенің жалғасы

Атауы немесе меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты. Мекенжайы, жұмыс орны – жеке тұлға үшін Наименование или ф.и.о. собственника. Адрес, место работы – для физических лиц	Техникалық паспорт берілді Выдан технический паспорт		
	Күні Дата	Сериясы, нөмірі Серия, Номер	Алушының қолы Подпись получателя
6	7	8	9

кестенің жалғасы

Нөмірлік белгі берілді Выдан номерной знак			Машина иесінің, иеленушінің өзгергені, тіркеуден шығару, нөмірлік белгілерді тапсыру, техникалық паспортты немесе нөмірлік белгіні ауыстыру туралы белгілер Отметка об изменениях собственника, владельца машины, снятия с регистрации, сдаче номерных знаков, замене технического паспорта или номерного знака	Ескертпе Примечание
Күні Дата	Сериясы, нөмірі Серия, номер	Алушының қолы Расписка получателя		
10	11	12	13	14

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу арнайы қағидаларына 2-қосымша



**ТЕХНИКАЛЫҚ  
ПАСПОРТ ТЕХНИЧЕСКИЙ  
ПАСПОРТ ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТ ТЕХНИЧЕСКИЙ ПАСПОРТ**

I. Ж А Л П Ы М Ә Л І М Е Т Т Е Р  
ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ

1. Машинаның атауы және маркасы  
Наименование и марка машины \_\_\_\_\_

2. Ш ы ғ а р у ш ы з а у ы т  
завод-изготовитель \_\_\_\_\_

3. Ш ы ғ а р ы л ғ а н а й ы ж әне ж ы л ы  
месяц и год изготовления \_\_\_\_\_

4. Машинаның зауыттық нөмірі  
заводской номер машины \_\_\_\_\_

5. Қозғалтқыштың маркасы және нөмірі  
марка и номер двигателя \_\_\_\_\_

6. Меншік иесі, иесі болып табылмайтын иеленуші және мекенжайы  
(керек емесі сызылсын) \_\_\_\_\_  
собственник / владелец, не являющийся собственником и адрес:



(ненужное зачеркнуть) \_\_\_\_\_

7. Присвоен номерной знак \_\_\_\_\_ нөмірлік белгі берілді.

8. Е р е к ш е б е л г і л е р і  
особые отметки \_\_\_\_\_

Технический паспорт выдан \_\_\_\_\_ берілді.

ж. (г.)

\_\_\_\_\_ (инженер-инспектор, инженер-инспектор) (қолы, подпись)

М . О .

М.П.

С е р и я с ы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

I. МАШИНАЛАРДЫ ТІРКЕУГЕ АЛУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒАРУ  
ПРИЕМ И СНЯТИЕ МАШИН С РЕГИСТРАЦИИ

1. Снята с регистрации вследствие

\_\_\_\_\_ салдарынан тіркеуден шығарылды.

ж. (г.) «\_\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

2. Принята на регистрацию

(жаңа иесінің мекенжайы, адрес нового собственника) \_\_\_\_\_ тіркеуге алынды

ж. (г.) «\_\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

3. Снята с регистрации вследствие

\_\_\_\_\_ салдарынан тіркеуден шығарылды.

ж. (г.) «\_\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

4. Принята на регистрацию

(жаңа иесінің мекенжайы, адрес нового собственника) \_\_\_\_\_ тіркеуге алынды

ж. (г.) «\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

5. Снята с регистрации вследствие

\_\_\_\_\_ салдарынан тіркеуден шығарылды.

ж. (г.) «\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

6. Принята на регистрацию

(жаңа иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

\_\_\_\_\_ тіркеуге алынды ж.

(г.) «\_\_» \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

С е р и я с ы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

### III. НӨМІРЛІК БЕЛГІНІҢ ӨЗГЕРУІ ИЗМЕНЕНИЕ НОМЕРНОГО ЗНАКА

Нөмірлік берілген Дата номерного знака	белгі күн мен выдачи	Белгінің мен Серия и знака	сериясы нөмірі номер	Инспектордың және Подпись и печать	қолы м ө р инспектора

### IV. АГРЕГАТТАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ О РЕМОНТЕ И ЗАМЕНЕ АГРЕГАТОВ

Жөндеу күн Дата ремонта	жүргізілген проведения	Жөндеудің атауы, ауыстырылған агрегаттар және олардың нөмірлері Наименование ремонтов, замененных агрегатов и их номера	Жөндеуге адамның Подпись ответственного за ремонт	жауапты қолы лица,

--	--	--

С е р и я с ы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

V. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ТЕКСЕРУ  
ОСМОТРЫ ТЕХНИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ

К ү н і Дата	Техникалық Техническое состояние	жай-күйі	Пайдаланудан бастап байқауға дейінгі жұмыс ж а с а у ы Выработка к моменту осмотра с начала эксплуатации	Инспектордың қолы Подпись инспектора

С е р и я с ы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнайы жабдығы бар тіркемелерді  
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,  
өздігінен жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-құрылысы  
машиналары мен механизмдерін,  
жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
3-қосымша

\_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы)

\_\_\_\_\_ жылы туған \_\_\_\_\_ тұратын

\_\_\_\_\_ (тұратын мекенжайы көрсетіледі)

паспорт (жеке куәлігі) \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_  
Жұмыс орны \_\_\_\_\_  
азамат \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

## ӨТІНІШ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

\_\_\_\_\_ (өтініштің мәні және негізі жазылады)  
\_\_\_\_\_ сұраймын

Машинаның үлгісі \_\_\_\_\_ маркасы \_\_\_\_\_

Шығарылған жылы \_\_\_\_\_ шығарушы-зауыт \_\_\_\_\_

—  
Зауыттық № \_\_\_\_\_, қозғалтқыш № \_\_\_\_\_

нөмірлік белгі \_\_\_\_\_, техникалық паспорттың нөмірі \_\_\_\_\_

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

20\_\_ жылы « » \_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

Инженер-инспектордың \_\_\_\_\_ қызметтік \_\_\_\_\_ белгілері:

Машинаның тіркеулік мәліметтері өтініште көрсетілгендерге сәйкес  
к е л е д і

20\_\_ жылғы « » \_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

Берілді: нөмірлік белгі \_\_\_\_\_

Техникалық паспорттың сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы « » \_\_\_\_\_  
(инженер-инспектордың қолы) (заңды тұлғалар үшін)

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнайы жабдығы бар тіркемелерді  
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,  
өздігінен жүретін ауылшаруашылық,

мелиорациялық және жол-құрылысы  
машиналары мен механизмдерін,  
жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
4-қосымша

\_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы)

## ӨТІНІШ

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Өтінішке қоса берілген мынадай құжаттар негізінде

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (істің мәні жазылады)  
\_\_\_\_\_ сұраймын.

М ә л і м е т т е р :

1. Машина типі \_\_\_\_\_
2. Маркасы \_\_\_\_\_
3. Шығарылған жылы \_\_\_\_\_
4. Шығарушы зауыт \_\_\_\_\_
5. Машинаның зауыттық № \_\_\_\_\_
6. Қозғалтқыш № \_\_\_\_\_

7. \_\_\_\_\_ Р е с і м д е у \_\_\_\_\_ ж ү р г і з у \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сеніп тапсырылады.

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Меншік иесінің (иеленушінің) қолы \_\_\_\_\_

Инженер-инспектордың белгісі: \_\_\_\_\_

Берілді: нөмірлік белгі \_\_\_\_\_

Техникалық паспорт сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (инженер-инспектордың қолы)

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына  
5-қосымша

## Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың түсуін және берілуін есепке алу журналы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Түсуі						
Күні	Қайдан келіп түсті, құжаттың немесе ілеспе хаттың нөмірі		Саны	Сериясы мен нөмірі		
1	2		3	4		
Берілуі						
Берілген күні	Б е р у негіздемесі	Кімге берілді (жергілікті атқарушы органның атауы, алушы адамның аты-жөні)	Саны	Сериясы мен нөмірлері	Алғаны туралы қолы	Ескертпе
5	6	7	8	9	10	11

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына  
6-қосымша

**МАШИНАЛАРДЫ ТІРКЕУ КЕЗІНДЕГІ  
ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ  
А К Т І С І**

Мен, инженер инспектор \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

және \_\_\_\_\_ қатысуымен  
(машина меншік иесінің, иеленушісінің тегі, аты, әкесінің аты)  
зауыттық № \_\_\_\_\_ қозғалтқыш № \_\_\_\_\_  
(машинаның атауы, маркасы, моделі, шыққан жылы)

техникалық жай-күйін тексеру жүргіздім.

Машинаны тексеру, оталдыру және жол қозғалысы сынау кезінде мыналар  
а н ы қ т а л д ы :

\_\_\_\_\_ (көрсетіледі: техникалық талаптарға сәйкес келеді немесе параметрлері бойынша  
с ә й к е с к е л м е й д і -

\_\_\_\_\_ негізгілерін атап көрсету керек)

Қолдары: \_\_\_\_\_  
(инженер инспектор)

\_\_\_\_\_ (машинаның меншік иесі, иеленуші)

М . О .

20 \_\_ жыл « »